

егемен

Азатстан

Қасымды қастерлеу

Қасымды қастерлеу, нәтінде, асылды қастерлеу деген сөз. Себебі, қазақ үшін қандай құндылықтың болсын орны бөлек. Осы күнгі қазба байлықтарды, тарихи жәдігерлерді қалай бағаласақ, қазақтың Қасым сынды ғажайып ақындарының өлең-жырларын сондай дәрежеде ұлықтауымыз керек. Өйткені, Қасым сынды әрбір ақынның өзі де, сөзі де жер астынан табылған кен байлығы секілді, ұлттың рухын оятатын халық қазынасына айналуы қажет. Әрине, бұл тұрғыда мүлде мақұрым емеспіз. Абайды ардақтау, Мұқағалиды мұрат тұту үрдісі үдесінен біраз тәлім-тәжірибеміз бар. Мұның сыртында Әуезов әлемін әспеттеп, Шәкәрім шапағатын сезінуде селкеу түскен жеріміз жоқ. Барды бағалай білудің бір үлгісі осы болса керек. Соның ішінде батырларымызға деген құрметтің орны ерекше. Бұл біздің тарихымыз бен тағдырымыздың таразысындай, сабырмен, салмақпен саралай білсек, кейінгі ұрпақтың зердесіне ой салар салауатты іс қалдырамыз хақ. Алайда, «дәстүрдің озығы да, тозығы да бар» дегендей, әсіресе, батырларымыздың той-томалақ, іс-шараларын өткізуде ұлттық үрдістен гөрі, рулық рәсімге қарай бой ұрып бара жатқанымыз жасырын емес. Бұл бір келеңсіз жай – батырларға ғана емес, басқа да тарихи тұлғаларды тануда сынаржақтық таныта бастауымыз көңілге көлеңке түсіреді. Әйтпесе, Мұқағалидың тойын тек Жетісу, Қасымның тойын Қарағанды ғана өткізу міндет емес. Мұндай ірі тұлғалардың тойы – жалпақ қазақ жерінде тұтас ұлттың тұғырнамасына айналуы тиіс. Бұл арада мен Алаш арыстары жайлы жұмған аузымды ашып отырған жоқпын. Ал, айта бастасам, ашынып та, тасынып та кетер жайым бар. Алаш түгілі, ұлттың ұлы ханы, хас батыры – Абылайдың үш ғасырлық тойына деген бүгінгі көзқарасымыз, түптеп келгенде, тарих кешірмейтін күнә екендігін әзірге біліп-сезінер түріміз жоқ. Бірақ, өткен дүниеге өкпең қара қазандай болса да түк істей алмайсың. Сондықтан келешекке кемел бару үшін, ұлттың ұлы ханын бүгін ұлықтауымыз керек. Жә, ханды да, батырды да қоя тұрып, қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі хас ақынымыз деп қастерлеп келген Қасым Аманжолов туралы бүгінгі бағамыз, қазіргі түсінігіміз қалай? Табалдырықтың алдында тұрған ғасыр тойын қалай өткізуге қам жасап жатырмыз? Аллаға шүкір, той өткізуден азды-көпті тәжірибеміз бар дедік. Оған, басқаны былай қойғанда, кешегі Тәңіртаудың түбінде дүркіреп өткен Мұқағали тойын мысалға алсақ та жеткілікті. Мұқағалиды бұлай қастерлеу әдебиет үшін, ұлт үшін, әрине, үлкен құрмет. Солай болуы керек! Сөйте тұра қазақ поэзиясының қастері, кешегі Мұқағалидың кемел ұстазы Қасымның ғасыр тойына қандай дайындықпен келіп отырмыз? Әлбетте, әр ақынның орны бөлек. Әрқайсысының өз тұғыры бар. Бірақ, қазақ халқы батырын да, ақынын да алалаған емес. Әрбір өңірдің өзіне еншілеп алған ақыны жоқ. Бұл арада үнемі ел бірлігін ойлайтын үкімет қос ақынның тойын ұлттық мүддеге сай – мемлекеттік дәрежеде қаулы шығарып, халықтық мерекеге айналдыруы қажет-ақ. Мұқағали тойы өз мәресіне жетті. Ал, Қасым тойының қалай өтуіне – уақыт төреші. Осы орайда алып жазушы Ғабит Мүсіреповтің әйгілі Әуезов дүниеден өткенде, қабірінің

басында тебірене «ат тұяғын тай басар» деген қазақ мәтелі бұл арада дәлел бола алмайды» деп айтқан уәжді сөзі еске түседі. Мұның сыртында, Мұқағалидың өзі де, «Бәрінен де Қасымның десі басым» деп ағынан жарылған емес пе?.. Шынында, бажайлап, барлап қараған кісіге Қасым мен Мұқағали бір ғасырдың ақыны болса да, екеуінің арасын бөліп тұрған жиырма жылда біраз айырмашылық бар. Біріншіден, Қасым қазақ даласына төтелеп келген жиырмасыншы жылдардан отызыншы жылдардың ортасына дейін ұласқан «ұлы жұт», «зобалаң», «зұлмат» деп аталатын алапат жүйені көзімен көріп, жүрегімен сезінді. Ол аз болғандай, «орда бұзар отыз» жасында адамзат баласының басына түскен алапат өртке тап келіп, от пен оқтың ортасынан бір-ақ шықты... Қан майданның ортасында жүріп, күндей күркіреген жасын жырларын жаудырды. Қалың елін қаһарлы жаудан қаруымен де, қаламымен де қорғады. Сол тұста – сұрапыл соғысқа қатысқан қазақ қаламгерлерінің ішінде дәл Қасымдай қуатты да құдіретті жыр тудырған талант кем де кем еді. Сол бір сұрапыл соғыста дүниеге келген өлең-жырларды сұрыптар болсақ, Қасым туындылары алдыңнан андағайлап ту тігіп шыға келер еді. Солардың ішінде Қасымның «Абдолла» дастаны мен «Дариға, сол қыз» ән-жырының орны бөлек, шоқтығы биік екені сөзсіз. Осы орайда, қадап айтар бір жай, Қасым өлеңдеріне қанша ән жазылып, халық арасына кең тарап жатса да ақынның өз жүрегінен шыққан музыкалық мұралар тұғырынан бір сәт түскен емес. Уақыт өткен сайын өр рух, өмірлік махаббат – ғашық сезімге толы өнегелі жырлар өмірмен өзектесіп, келер ғасырдың есігінен именбей еніп кетті... Соғыстан соң да Қасымға аз соққы болған жоқ. Қарағайға қарсы біткен бұтақтай, бұқпантайы жоқ, батыл да өжет ақынды халық қабылдағанмен әдеби орта құшақ жая қойған жоқ. Тағы да Ғабен сөзімен айтсақ, «майданнан ескен жылы лепті» әкелгенмен, Қасымды суық орта, сұсты сын қарсы алды. Әдеби сында көрген теперіші аздай, үкімет тарапынан да тарпаң мінезге тап келіп, үкілеген үміті желге ұшты. Жалпы, қазақ баласына демей-ақ қояйық, тұғырлы таланттарға үнемі тарлық жасайтын үй мәселесі – Қасымға қан майданның қасіретінен кем соққан жоқ. Ақыры өлеңмен «өшін алып», өлеңмен «жанын жұбатты».

Сол кезде туған: Бермесен бермей-ақ қой баспанаңды, Сонда да тастамаймын астанамды. Өлеңнің отын жағып асырармын, Өзімді, әйелімді, жас баламды» деп келетін күні бүгінге дейін ақындардың мұңына айналған асқақ жыр дүниеге келді. Кейде ақын: – Қарабаев жолдастың үйіне біз, Қараймыз да сыртынан сүйінеміз, Қашан түсіп қалғанша әкім болмай, Неге ақын болдық деп күйінеміз, – деп зарлы да мұңлы күй кешсе, тағы бірде: «Масқарадтың» шығарып масқарасын Алматыда жортып жүр ерке Қасым. Мазасын ап Қаратай Құрманштың, Жыр етіп жүр өзінің баспанасын, – деп өзіне өзі достық әзіл жазып, жанын жұбатады. Бұдан басқа Қасымның «Баспана» деп аталатын бір өлеңі халыққа кең тарамаса да, оқыған кісінің көңіліне күй кіргізіп, жан-жүрегін алай-дүлей ететін, мұңлы-сазды туынды екендігіне көз жеткіземіз. Бұл өлең тек өзінің мұңымен ғана баурап қоймай, жүрегіне өршіл рух ұялатады. Өлең 1946 жылы Қасымның 35 жасында жазылған. Қазір отыз бестегі кейбір жігіттер Қасым сынды баспанаға зар болмақ түгілі,

министрліктің орынтағында отырып, қос-қостан мәшине мініп, пәтер кілтін уыстап ұстайтын халге жетті. Заман солай, әркім өз рахатын көріп жатқан шығар, алайда нағыз таланттардың көбі баяғы Қасым салған қасқа жолмен келе жатыр. Баяғы баспана дертінен бұлар да әлі айығып кете қойған жоқ. Өлеңді оқып көрелікші: Баспана деп бастайын бұл жырымды, Отырғанда жамылып жылы күнді. «Қылыш сүйреп» қатал қыс қысса келіп, Өлең менің тыңдамас бұйрығымды. Он жыл бопты, жүгірдім астанада, Шақырса да бармадым басқа қала. Алдамшы елес сықылды үміт қуып, Он жыл бойы болдым зар баспанаға. Қалай салған ағашты, не кірпішті, Баспана бір үй еді төрт бұрышты. Алғашқыда өртенгір жерде еді, Енді бүгін қиял боп аспанға ұшты. Құзға салған қыранның ұясындай, Ұшпақтағы софының хұжырасындай, Елестейді баспана, Алматының Кең қойнына бір Қасым қойды сыймай. Он жыл босқа жүгірдім, болмай жолым, Баспалдағын тоздырдым «квартбюроның». Бір ордерге бір бастық қол қойғанша, Үлгеріппін мен жазып өлең томын. Талай үйдің телміртті терезесі, Алматыны шарладым ерте-кеші. Алғызбады баспана қиын қамал, Көңілімде қалды тек көлеңкесі. Ақын болдым, жырладым астанам деп, Бос жүгіріп жүрмедім, босқа нан жеп. Солдат болдым, Сағындым, келдім қайтып, Тағы біраз сенделдім баспана іздеп. Жер сұрадым ақыры күрке салар, Жер де жоқ боп шыққан соң не шара бар?! Жер сұрасам – сілтейді зират жаққа, Өлген жоқпын, хақым жоқ олай барар. Қойдым енді, сірә мен үй алмаспын. Үйім жоқ деп ешкімнен ұялмаспын. Өгей ұлдай қойныңа сыймасам да, Кете алмаспын, астанам, қия алмаспын. Аспан мен жер бәрі де үйім менің, Сенің көркің, астанам, сүйінгенім. Кең көшенде еркіндеп жүрсем басып, Не қиындық болса да – иілмедім! Әсілі, мен өлеңді талдап, түсіндіруді қажет деп санамаймын. Әр оқырман ақын өлеңін өзінше түсініп, өзінше пайымдағаны жөн. Талантты ақынның туындысы қалай болғанда да дұрыс қабылданады. Алайда, оны тұшынып сезіну әркімнің өз болмысына байланысты. Қасымның мына баспана жайлы өлеңі күні бүгінге дейін қай жағынан алып қарасаң да, өз оқушысын бейжай қалдырмасы анық. Мұнда мұң да, зар да, үміт ұшқыны, сезім сыры, ой толқыны, бәріннен бұрын өмірге деген құштарлық құлшынысы басым жатыр. Рухы биік ақынның еңсесі езілмейді. Ақындықтың түпқазығы сонда! Нәтінде Қасым мен Мұқағалидың мұңы да, сыры да – тағдыр-тағылым да бір. Екеуі де кеңестік кезеңде өмір сүрсе де, уақыт үрдісімен кетіп қалмай, азаматтық азат ойдың, еркін қиялдың құшағына қапысыз еніп, мадақ-мақтанның құлы болмай, ұлтының ұлы болу жолындағы ауыр жүк – ақындық азапты мұрат тұтқан. Екеуі бір ғасырдың екі кезеңінде өмір сүрсе де мұңы да, махаббаты да, рухы да бір – өз дәуірінің қос алыбы болып, тарих сахнасында қалды. Бір айта кетерлік жәйт, тірлігінде тарпаң тағдырдың тепкісінде қасаң күй кешкен Қасым бүгінгі біз өмір сүріп отырған дәуірде өз тұғырында тұр деп айта алмаймыз. Ғасыр тойын да дүркіретіп өткізерміз. Шүлендей үйлестірілген бәйгесі де бөлінер. Біріміз мәшине мініп, біріміз жұқа қалтамызды қалындатармыз. Ескерткіші де орнатылады деп естіп жатырмыз. Көшеге де, мектепке де есімі беріле жатар. Бұл күнде екінің біріне беріліп жатқан (тіпті көзі тірісіне де) мұндай құрмет

Қасым сынды құдіретке, әрине, аздық етер еді. Қасымға керегі оның артында қалған асыл мұраларды кеңінен насихаттап (тіпті ол ақындығының сыртында композитор ғой) оның ән-жырларын әлемдік деңгейге дейін көтеруге үлес қосып, шығармашылық құдіретін кеңінен таныту болса керек. Сол үшін оның шығармаларын молынан шығарып, кеңінен таратып, рухы күшті, өршіл жырларын бүгінгі жас ұрпақтың санасына сіңіріп, биік бағасын беру қарекетіне көшуіміз керек. Менің өмірде де, өнерде де ұстаз тұтқан қос ағам болды. Екеуі де қазақтың хас талант ақындары – Сырбай Мәуленов пен Ғафу Қайырбеков еді. Сол ағаларым өздері үлкен ақын бола тұра, қайда барса да Қасымды аузынан тастамаушы еді. Қасымның өлеңдерін жатқа соғады, әсіресе, Ғафекен ақынның әндерін айтқанда мүлде арқаланып кететін. Мен өз басым Қасымның «Дариға, сол қызын» домбыраға қосып, дәл Ғафекендей айтқан әншіні кездестірген емеспін. Ол «Уа, дариға алтын бесік туған жер, қадіріңді білмей келсем кеше гөр» деп басталатын әнін айтқанда, кәдімгідей балқып, шалқып, бусанып сала беретін. «Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей, ақын болмай, тасың болсам мен егер», деген жеріне келгенде демігіп барып бір тоқтап, кең тыныс алып, күрсінген кезінде көзін сәл-пәл жас шылап, артынша-ақ рахат сезімге бөленіп, өзіне өзі разы болғандай, жазылып сала беретін. Сосын Қасым туралы естелікке ерік беріп, есіле сөйлеп кетуші еді: – Алғашында, Сырекеңе Қасымға таныстырыңызшы, деп қолқа салдым. Қасекенді көрмей тұрып-ақ біраз өлеңдерін жатқа білуші едім. Ол кезде екеуі де майданнан келген жауынгер, ел ішіндегі абыройы мүлде бөлек еді. Бір күні Сырағаң: «Жүр кеттік, Қасымға!» десін. Іштей қуанып кеттім. Бірақ, соншалық шаттығымды Сырағаңа сездірмедім. Қаланың тау жақ шетіндегі бір тар үйде тұрады екен. Тар деп қазір айтам, мен барғанда сол үй маған кең сарайдай көрінді. Әсіресе, ауласындағы қызыл-жасыл гүлдер мен көктемде бұр жара бастаған алма ағашы мүлде ажарланып кеткен. Қасекен есік алдында отыр екен. Бізді көріп, ұшып түрегеліп құшағын аша түсті. Қаршыға мүсінді қыран тектес кісі екен. Бірден жатсынбай бауырына басты. «Бұл – Ғафу», деп Сырекең таныстырғанша, «Қайырбеков қой, жақсы білемін», демесі бар ма! «Ана жолы сен мақтағаннан кейін өлеңдерін сұрастырып оқып едім, бекер айтпаған екенсің. Әдетте, жерлестер бірін-бірі мақтай береді ғой, деп мән бермедім. Екеуіміздің соңымыздан қосыла ұшатын бір қараторғай елестеді көзіме. Торғайдың қараторғайы бұл!». Сырағаң Қасым сөзіне «Міне, көрдің бе?» дегендей ертіп әкелгеніне разы болғандай рахат сезіммен маған бір қарап қойды. «Мұның ән салатыны да бар!» – деді Сырағаң одан сайын үстемелетіп. «Онда ішке кірейік», деді Қасекен. Үйдің ішке кіреберіс шағын бөлмесінің бір қабырғасы тұнып тұрған музыка аспаптары... домбыра, сырнай, скрипка, қасындағы бір көне жәшіктің үстінде ескі баян орныққан. Қасекен қолына баянды алды да безілдете жөнелді. Өзіне ғана таныс, бізге беймәлім бір әуенді асығыс тартты да, орнына қоя салып, домбыраға қол жүгіртіп сүйріктей саусақтарымен бас пернеден бері қарай қыдырып келе бере дәл сағаққа тіреліп, қылғынып тұрып алды. Оң қолының саусақтары домбыра шектерін қаси тартып, қайта-қайта қағып қалды да: «Аққайың,

жалған-ай, салдым сайран-ай, қолдай гөр Қыдыр ата – арғын-найман-ай», – деп Шашубайдың әуенін анырата жөнелді. Әні де, сөзі де бұрынырақта естіп жүргеннен мүлде бөлек, ес тандыратарлықтай ерекше әуен. Ғафекен әңгімесінің осы жеріне келгенде аз-кем тыныстап алғандай, сәл аялдап, осы, «Аққайыңды» кейін талай әншіден естідім, бірақ Қасым айтқандай ғажап нұсқасын содан кейін бір естіген емеспін! – деп тоқтаушы еді, қайран Ғафен. – Ол жолы, алғаш барғанда, Қасымның «Дариға қызын» айтуға дәтім бармады, дейді Ғафекен әңгімесін одан әрі жалғап. – Қойшы, содан не керек, кейін Қасым өзінің әндерін мені үйіне шақыртып алып, талай тыңдаған еді. Қасекен әнімді ұнатып тыңдаған күні, мен де бір шалқып, өзімді бақыт құшағында жүргендей сезінуші едім. Ал Қасым жайлы Сырағанмен менің өз басымнан өткен бір әңгіме бар еді. Бір күні Сыраған мен: – Сыраған, мен Қасымның сізге арнаған бір екі жол өлеңін білуші едім: – Мұнартып көрінуші еді, Торғай-Тосын, мадақтап айтушы еді Сырбай досым... – деп өлеңдетіп қоя бердім. Сыраған мұны қайдан білесің дегендей таңқалып қалды. – Торғайда Қызжан деген кісіден естігемін, дедім мен. – Ә, Қызжан біледі, ол Қайнекейдің қайнағасы ғой. Әй Қызжан, Қызжан, өзі бір қызық адам, – деп Сыраған ойланып қалды. – Қасым ылғи мені Торғайына алып баршы, деп мазалаушы еді. Ақыры сәті түспеді. Соңғы жылдары аурудан айықпады ғой, деп күрсінді Сыраған. Сыраған Қасымды Торғайға апара алмаса да, кейіннен оның асыл жары Сақыпжамалды өзінің мерейтойы тұсында елге талай рет бірге алып жүрді. Себебі, қазақы жолмен айтқанда, Қасым мен Сырбай құда болды. Сақыпжамалдың үлкен қызы – Жанна Сырбайдың үлкен ұлы Дүйсенге қосылып, бақытты өмір сүрді. Олардың талай жылғы қызықты қуаныштарына біз де ортақ болып едік. Осындай сәтті сапарлардың бірінде мен Сақыпжамал апайдан Қасымның кейбір қылықтары туралы қызыға сұрап қалғаным бар еді. Сондағы бір әңгімесі есімде қалыпты. – Қасым ақындығымен қоса, әулие адам еді, деп тамсанады апай. – Онда біз Оралдамыз. Бұрынғы күйеуім әскери адам болды. Ән-жыр, өлең-музыканы қатты ұнататын. Өнер адамдарын өте сыйлайтын. Үйімізге сол кездері Орал пединститутының студенттері Жәрдем Тілеков пен Қасым жиі келіп жүрді. Қасымның ойнамайтын музыкалық аспабы жоқ. Пианинода да шебер ойнайтын. Домбырада екі бастан. Олар келгенде күйеуім қуанып қалатын. Кейде «тентек судан» да жүйткітіп алатын. Бір күні, Қасым қызулау, маған келіп: – Сен түбінде менің әйелім боласың! – десін. Жиырмадан жаңа асқан жас кезім ғой. Сырықтай күйеуім бар. Күтпеген сөзім. «Не айтып тұр!» – деп еңіреп қоя беріп, күйеуіме жеткіздім. Күйеуім марқұм, мені жұбатып жатыр. «Ей, бұл ақындар айта береді, ойындағысын ірікпейді ғой бұлар. Сенің сұлулығыңа сүйсініп кеткен ғой. Қайта ақынның қызыққанына қуанбайсың ба?!» – деп жұбатады. «Келер жылында соғыс басталып, бет-бетімізге кеттік. Ақыры, күйеуім майданнан ажал құшып, айтқандай, Қасымға бұйырдық қой!» – деп отыратын. Әңгіме айтқанда онан сайын ажарланып, ашаң жүзінен имандылық нұры есіп тұрушы еді. Кейіннен Сыраған Қасымның Қарқаралысына талай барды. Қарқаралы, маған алғаш жолықтың Жыры болып Қасым Аманжоловтың, – деп тебірене жыр

бастаушы еді-ау, қайран Сыраған Қасымды жиі еске алып.

Адал, ақ махаббаттың иесі – Қасым өзінің жан шуағын, жүрек сырын өлең-жырына мәңгілік арқау етті. Ол бір ғана Сақыпжамал арқылы – жалпы сұлулыққа, көркемдікке, таза табиғатқа деген жан-жүрегінің тылсым сырын тереңнен қозғады. Сол арқылы ұлы ақын ұлттық поэзияға махаббаттың – ғашықтық жырының ғажап үлгісін ұсынды. Сақыпжамал! Бір өзіңде – Екі әйелдің аты бар. Күн боп көзің Күлгеніңде, Қабағыңнан ай туар! – деп, асыл жарының жарқын жүзіне ай мен күнді қатар сыйғызады. Сол кез саған қарай берем Көрмегендей мен бұрын. Жанның сырын жатқан терең Оқи берем жасырын. Сақыпжамал! Атың қандай? «Сәпен» дейміз қысқартып. Жар бола гөр айтылғандай, Сенен қайсы қыз артық?! Махаббаттан талай жастың Жүректері күйлі. Мүмкін жөндеп сүйе алмаспын, Өзің үйрет сүюді! Біз болсақ әлбетте, «сүйдім, күйдім», «мендей сүймес ешкім сені...» дейміз ғой. Ал Қасым болса, мүлде басқаша... Осы арада Қасым Абаймен үндесіп кетеді. Ал ақынның «Әзербайжан қызына» деген өлеңі небары екі-ақ шумақ. Осы екі шумақта бүкіл ендік пен бойлықтың, аспан мен жер арасынан сұлу қыздың тұтас келбеті көз алдына келіп, амалсыз айтылған шарасыз қайрат, қауқарсыз қимылдың іс-әрекеті тілдің тылсым жұмбағын ашады. Атың Сана, көзің қара, гөзал қыз, Жыр жаздырдың жүрегімнен амалсыз. Мен кетермін, альбом ашып қарарсыз, Ақын қазақ ағаны еске аларсыз. Тавриз – Баку аспанында күн Сана, Күміс Каспий жағасында гүл Сана. Жүрегіңмен жүрегімді бір сана – Айтарым көп, айтқызбай-ақ біл, Сана. Бүтін бір ұлттың гөзал қызына жүрек лебізін білдірген қазақ ақынына разы болмасқа хақың жоқ. Тек қана махаббат тақырыбы ғана емес, Қасым өзі өмір сүрген кеңестік дәуірдің келбетін жырлай отырып, оны кезеңдік қана емес, ғұмырлық тақырыпқа айналдыра біледі. Мәселен, Кеңес өкіметі келмеске кетсе де, сол дәуірдің қызметшісі болған «Социалистік Қазақстан» туралы өлеңінің бастапқы бір шумағын алайықшы: Мектеп бардым, бала көрдім, Қолтығына кітап қысқан, Сол кітаптың арасында – «Социалистік Қазақстан», – дейді ақын. Қандай сүйкімді көрініс, сырлы сурет, риясыз көңілдің разылық сезімі, бала жанының өмірге деген құштарлығы – бір шумақтың аясына сыйып тұр. Бас газетіміз туралы ұлттық ұлы ұғымды ұрпақ санасына жеткізудің ғажайып сырын Қасым бізге осылай үйретіп кетіп еді. Мына мақаланы да сол Қасым қастерлеген газетімізге жолдап отырғаным сондықтан. Зерделі кісіге, сындарлы сыншыға, ойлы оқырманға Қасымның ашылмай жатқан жұмбағы терең. Соны жыр мұхитының түбіне сүңгіп, інжу-маржан асыл тастарын жарқыратып алып шығу келешек ұрпақтың үлесі болып қала бермек. Қасым туралы қаншама сын мақалалар, зерттеу еңбектер жазылды. Қасымға арналған өлеңдердің өзі бірнеше томды құрайтын болар. Тіпті, жазушы Сәбит Досанов «Екінші өмір» деген роман да жазды. Мерейлі тойлар қапысыз мерекеленіп келеді. Әсіресе, Қасымның 80 жылдығында саликалы сөз айтқан Өзбекәлі Жәнібековтің сырбаз үні әлі көңілден кете қойған жоқ. Сол тойда бұрын-соңды болмаған, боямасыз сөз айтып, бүкіл ұлтты ұйытатын ұлағатты баяндама жасаған талантты ақын Серік Ақсұңқарұлының да қыран дауысы әлі де құлағымыздың түбінен саңқылдап естіліп тұрғандай.

Тоқсан жылдығы да тойланды. Бірақ, артында қандай із қалды?! Өлі күнге дейін, басқаны былай қойғанда, Қасымның атына мектеп, көше есімдерін сұраған хаттар легі, халық үні естіліп қалып жатады. Мұның бәрі өміртірліктің өн бойында жалғаса беретін іс болар. Алайда осы ғасыр тойы қайталанбас хас таланттың қадір-қасиетін арттыратын тарихи белес болар деген ниеттеміз. Қасымды мақтаудың да, мадақтаудың да қажеті аз болар. Біз Қасымды қастерлеудің үрдісін жасап, үлгісін ұсынуымыз керек. Бұрынырақта, Қасым туралы бір өлеңімнің аяғында ерекше бір тебіренген жайым бар еді. «Сұлу жерде тусаң да, сұлу өлең қусаң да, сұлу әйел алсаң да, сұлу жерде қалсаң да, сұлу өмір сүре алмадың, жан аға!» деген едім сол өлеңімде. Ендеше, халқына сұлулық сыйлап, сыршыл поэзияны санасына сіңірген, ұлты үшін ұлылық ізін қалдырып кеткен Қасым ақынды қалай қастерлесек те, тірінің бүгінгі парызы деп түсінуіміз керек.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ақын

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/kasymdy-kasterleu>